

«МАМАН МЫҚТЫ БОЛСА НӘТИЖЕ НАҚТЫ»

Үстіміздегі жылдың сәуір айында Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты мен Қазақ ауылшаруашылығы институты негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылған болатын. Осы ретте біздің жер-жердегі оқырмандарымыздан өмірге жаңадан жолдама алған аталмыш оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігін, жалпы алдағы жоспарларын білу мақсатында хат-хабарлар түскен-ді. Міне, осыған байланысты жуырда біздің тілшіміз университет ректоры Кенжеғали Сағадиев мырзамен сұхбаттасқан еді.

— Кенжеғали Әбенұлы, баршамызға мәлім соңғы кездері бүгінгі заман талабына сай еліміздегі оқу орындарында біршама өзгерістер болуда. Ол белгілі де. Өйткені, мұның түп-тамырын зерделесек оның барлығы да күнделікті тіршілігімізге жан-жақты, білікті мамандар даярлау қажеттігіне тіреледі. Күні кеше ғана құрылған, бүгін өзіңіз басқарып отырған Қазақ Мемлекеттік аграрлық университеті де осы мақсаттан туындаса керек. Бұл ретте оқырман қауымының білгісі келіп отырғаны да аталмыш жоғары оқу орнының алдағы жоспары қалай болмақ, болашақта бұл университет қандай мамандар әзірлемек? Алдымен, міне, осы жағына тоқталсаңыз...

— Жалпы, Қазақстан Республикасы үкіметі шешімімен биылғы жылдың сәуір айында ашылған біздің университет негізінде байырғы екі жоғары оқу орны — Алматы зоотехникалық — малдәрігерлік және қазақ ауылшаруашылығы институттары негізінде өмірге келіп отыр. Бұл екі институт өз тарихында бүгінге дейін еліміз үшін сан мыңдаған мамандар даярлады. Шүкіршілік деуіміз керек, осы аталған оқу ордаларының арқасында еліміз ауылшаруашылық мамандарынан ешқандай тапшылық көрген жоқ. Тіпті, басқа салада да еңбек етіп жатқандары да бар. Ал, енді осы ортада мұншама маман даярлап жатқан екі институтты қосу қандай мәжбүрліктен туындады деген заңды сұрақ туындауы мүмкін ғой.

— Әлбетте.

— Шынын айту керек, заман өзгерді, егемен ел болдық, нарыққа бет бұрдық. Демек, өмір ағымына сай жан-жақты білімі бар жана мамандық иелері қажет болды. Міне, осындай талаптардан соң жоғары оқу орындары өздерінің бұрынғы жүйелеріне қайта қарап, мүмкіншіліктерін екшеді, өмір талабына сай мамандық даярлауға бетбұрыс жасады. Әрине, мұның барлығы еліміз болашағы үшін. Қайсыбір ел болмасын экономикасының қарыштап алға басуы білікті мамандарға байланысты. Осы жағынан келгенде әсіресе, жаңадан өз алдымызға отау құрып жатқан біздің жас мемлекет үшін, жан-жақты азаматтар даярлау ауадай қажет-ақ. Күні кеше іргетасын қалаған біздің университет те, міне, осы талаптар негізінде бой көтеріп отыр. Жалпы, өркениетті елдердегі тәжірибелерге назар аударсақ, олардағы оқу орындары университет жүйесі бойынша жұмыс істеуде. Әрине, бұл — оқу орындарының барлығының басын қосып, университет ашу деген сөз емес. Мұнда сол университет даярлайтын мамандар күнделікті тіршілігімізге қаншалықты қажет, тиімді ме, жоқ па деген мәселені де терең зерттеп алу қажет. Осы орайда мынандай мысал келтіре кетейін: Бұрын біз 10—15 мамандық бойынша маман әзірлейтінбіз. Осы-лардың өзі Қазақстандағы екі

мыңнан астам ұжымшарлар мен кеңшарларға жететін еді. Ал енді қазір, олар тарап жатыр. Олай болса сонда енді біз мамандарды кімдер үшін даярламақпыз? Қарап отырсақ, жан-жақты, білікті маман бүгін бұрынғыдан да қажет екен. Себебі, шаруашылықтар тарағанымен ауылды жерлерде жеке шаруашылықтар көбейіп келе жатқан жоқ па? Демек, біздің ендігі даярлайтын мамандарымыз солар үшін керек қой. Бұрын біз даярлайтын мамандардың ауқым-аясы тар еді. Мысалы, инженерлік мамандықтың оншақты түрі бар еді. Сол оншақты түрін оншақты маман игеріп шығатын-ды. Енді біздің басқа оқу орындарынан ерекшелігіміз — инженерліктің сол оншақты түрін бізде бір ғана маман игеріп шығатын болады. Агрономдықты да, басқаларын да. Өйткені, қазіргі заман талабына сай жеке шаруашылықтар агрономның, болмаса малдәрігерінің, тағы басқаларының жеке-жеке мамандарын ұстай алмайды ғой. Сондықтан, оларға бір өзі бірнеше іс жүргізуді игерген азаматтар керек. Міне, біздің университеттің алға қойған мақсаты да осыдан келіп шығады.

— Дұрыс екен, әрине. Осы орайда, жаңа өзіңіз айтқандай ауылды жерлерде жеке шаруашылықтар көбейіп кетті. Және олардың бәрі басқарып отырған ауылшаруашылық мамандары емес қой. Шыны керек, олардың арасында бұрын ұстаз болғаны, тіпті дәрігер болғандары, тағы басқалары да бар. Енді, сіз бен біздің ойымызша сол азаматтарға фермерлік білім керек пе, жоқ па? Керек дейсіз, әрине. Олай болса сол фермерлер өздерінің білімін қалай жетілдірмек?

— Өз мамандықтары бойынша халыққа тәп-тәуір қызмет етіп жүрген көптеген азаматтар өмірдің бүгінгі ағымына байланысты мамандықтарын өзгертті. Олардың барлығы, әрине, тек фермер болып кеткен жоқ, олардың арасында басқа да кәсіпке кеткендері баршылық. Ал енді, мынау фермер болып кеткендер үшін біздің қызметіміз даяр. Керек болса оқытамыз, талапқа сай білім бере аламыз. Оны тектен-тек айтып отырғаным жоқ. Біз университет қабырғасынан фермерлердің жоғары мектебін аштық.

Келешекте облыстарда филиалдарымыз да болмақ. Қазірдің өзінде Талғар (Алматы облысы) және Талдықорған қалаларындағы бөлімшелеріміз іске кірісіп те кетті. Бұл мектептің мақсаты — ниет білдіргендерге фермерлік жан-жақты білім беру. Оқу мерзімі де әрқалай — апталық және бірнеше айлық. Осы мектепті бітіргендер сөз жоқ, жеке шаруашылықтарын сауатты жүргізе алатын болады.

— Сонда бұл курстарда кімдер сабақ бермек?

— Бұл мәселе де алдын-ала шешілген. Біз қазір құрылғанымызға 6—7 ай болғанына қарамастан шет елдермен байланыс жасап жатырмыз. Міне, біздің курстарда өз мамандарымызбен бірге сол шетелдік мамандар дәріс беретін болады.

— Жыл сайын солай бола ма?

— Олай емес, бұл уақытша.



лешекте біздің өзіміздің мамандарымыз шетелдік әріптестерді түгелдей ауыстыратын болады. Себебі, енді екі-үш жылда өз мамандарымыз шетелдерден оқып, өзімізге келеді. Мысалы, биыл осы Алматы жоғары оқу орындарынан 15 түлекті (жыл сайын солай болмақ) іріктеп, өзімізде оқытушы — стажер етіп алдық. Аманшылық болса келер жылы олар шетелдерге білімдерін жетілдіруге жіберілмек. Тағы бір айта кететін нәрсе — оқытушыларымыздың да білімін жетілдіру болып отыр. Өмірге дендеп еніп келе жатқан компьютерді меңгеру, тіл үйрену дегендеріңіз қазір қай сала болмасын ауадай қажет болып тұр. Сондықтан бүгінде біздің университет оқытушылары осы мәселелерді оқып-үйрену үстінде. Жан-жақты білімі жоқ оқытушы орнының мақсаты — сапалы маман даярлау. Ол үшін оқытушылар да мықты болу керек, әлбетте.

— Осы орайда студенттердің бүгінгі жай-күйіне де тоқталып өтсеңіз?

— Студенттер екі мың теңгедей стипендия алады. Әрине, аз. Бірақ, амал жоқ. Қаражат тапшылығынан бүгінде ауылды жерлерден оқуға түсушілер де азайып барады. Уақытша нәрсе деп ойламаймын. Заманның бұлай тұра бермесі анық. Ал, енді студенттер жағдайына келсек, олай ай сайын стипендияларын алып тұр, өзірге. Жатақханалары да жаман емес. Асханалары да бар. Бағасы басқа асханалардан 25 процент төмен. Оқуға жағдай бар. Тек, ынта болса болғаны. Білікті маман болып шықсын деп көп нәрсені тағы да қолға алып жатырмыз. Оны болашақ көрсетер. «Маман мықты болса — нәтиже нақты» деген қағида қашанда біздің алға қойған жоспарларымыздың, мақсатымыздың өзегі. Бізден түлеп ұшқан түлектер ертеңгі күні ауылды көркейтетін, ел экономикасын көтеретін, халықтың әл-ауқатын жақсартуға белсене атсалысатын шын жанашыр болуы керек. Осы жағынан келгенде университетіміздің мойнында үлкен жүк, үлкен жауапкершілік тұр. Ал, сол жауапкершілікті көтеретін, жан-жақты, білікті маман даярлайтын — университет ұжымы. Егер әрбір жоғары оқу орнының әрбір оқытушы-мамандары сондай үлкен жүкті сезініп ел тағдырын ертеңгі күні қолға ұстайтын бүгінгі болашақ маманға сапалы білім берер болса, онда оқу ордаларының алға қойған мақсаттарына жететіндіктеріне күмән болмас, сірә да...

К. ӨЗІМХАН.